



**Аудиторлық қызметті лицензиялау туралы ереже мен біліктілік талаптарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 27 ақпан N 274. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.29. N 878 қаулысымен

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200

Z952200\_

Заң күші бар Жарлығын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Аудиторлық қызметті лицензиялау туралы ереже;  
аудиторлық қызметті лицензиялауға біліктілік талаптары бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 27 ақпандағы  
N 274 қаулысымен  
бекітілген

Аудиторлық қызметті лицензиялау туралы  
ЕРЕЖЕ

ЕСКЕРТУ. Мәтінге өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.06.27.  
N 1026 қаулысымен.

P971026\_

## I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже алушыға (бұдан әрі - лицензия алушы) аудиторлық қызмет жүргізуге арналған лицензия берудің тәртібін, шарттарын және біліктілік талаптарын айқындайды.

2. Аудиторлық қызметті жүргізуге арналған лицензияны Қазақстан Республикасының жеке адамдарына Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаменті (бұдан әрі - Департамент) береді.

Шетелдік жеке адамдар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар лицензияларды, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының жеке адамдары сияқты шарттарда және сондай тәртіпте алады.

3. Заңды тұлға аудиторлық қызметті жүзеге асырған жағдайда оның басшысының міндетті түрде барлық аудиторлық қорытындыларға қол қоюға құқы бар аталмыш қызметті жүргізуге арналған лицензиясы болуы тиіс.

## II. Лицензияларды берудің шарттары және тәртібі

4. Аудиторлық қызметті жүргізуге арналған лицензиялар үш жыл мерзімге беріледі. Лицензияны алу үшін лицензия алушы Департаментке мынадай құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нысан бойынша оны алуға өтініш;

2) лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжаттың көшірмесін;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (егер лицензия алуға талаптанушы оның басшысы болып табылатын болса);

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Біліктілік комиссиясының біліктілік куәлігін ұсынады.

Лицензия алу үшін ұсынылған барлық құжаттар Департаментте тіркеледі.

Лицензия алушыдан осы Ережеде көзделмеген құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

5. Лицензия беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін Департамент өтінішпен бірге ұсынылған материалдарды, олардың толықтығы мен растығын, қызметтің лицензияланатын түрін жүргізу шарттарының нормативтік құқықтық актілердегі ол үшін белгіленген талаптарға

сәйкестігін бағалай отырып қарайды.

6. Лицензияны беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш алынған күннен бастап 30 күннің ішінде қ а б ы л д а н а д ы .

Лицензия беруден бас тарту туралы хабарлама өтініш берушіге бас тарту себебі көрсетіле отырып, жазбаша түрде беріледі.

7 . Л и ц е н з и я д а :

лицензия берген органның атауы:  
жеке адамдар үшін - фамилиясы, аты, әкесінің аты, паспорттық деректері (сериясы, нөмірі, қашан және кім бергені, тұратын жері);

лицензияның қолданылу мерзімі;  
аудиторлық қызметті жүзеге асырудың шарттары;  
лицензияның тіркеу нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

8. Лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту оны алу үшін белгіленген т ә р т і п п е н жүргізіледі.

9. Лицензияны басқа жеке адамға беруге тыйым салынады.

10. Берілген лицензия жеке адамды кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің күші жойылған кезде заңды күшін жояды.

11. Лицензияға лицензиялық органның басшысы қол қояды және ол осы органның м ө р і м е н расталады.

1 2 . Л и ц е н з и я :

лицензия алушы лицензиядағы талаптарды орындамаған:  
сот лицензия алушыға жүзеге асыруға лицензиясы бар қызмет түрімен а й н а л ы с у ғ а т ы й ы м с а л ғ а н ;

лицензия беруші лицензияның қолданылуын тоқтатқан себептер жойылмаған жағдайларда заң актілерінде өзгеше көзделмесе, сот тәртібімен қайтып алынуы м ү м к і н .

13. Лицензия беруші лицензияның күшін тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, алты айға дейінгі мерзімде тоқтата тұруға құқылы. Тоқтата тұру, қайта қолдануға енгізу туралы шешімді лицензия беруші қабылдайды. Лицензия беруші тоқтата тұру, қайта қолдануға енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш күндік мерзімде бұл жөнінде жазбаша түрде лицензиялаушыға және Қазақстан Республикасының салық қызметінің органына хабарлайды.

Лицензияның күші аталған хабарламаны алған күннен бастап тоқтатыла тұрады, қайта қолдануға енгізіледі.

Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған себептер жойылғаннан кейін лицензия қайта күшіне енеді.

14. Лицензиялық органның шешімдері мен іс әрекетіне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

15. Департаменттің лауазымды адамдары, лицензия алушылар осы ереженің талаптары мен лицензиялық қызметтің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тәртібінің бұзылуы және тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікте болады.

16. Лицензия бланкілерінің ұсынушыға арналған бағалы қағаз деңгейінде қорғалу дәрежесі сондай-ақ есепке алу сериясы мен нөмірі болады және қатаң есептіліктегі құжат болып табылады. Лицензиялар бланкілерін алуды, есепке алуды және сақтауды Департамент жүзеге асырады.

17. Аудиторлық қызмет жүргізуге арналған лицензия Қазақстан Республикасының аумағында жарамды болады. Лицензия жоғалған жағдайда лицензияның дубликаты беріледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 27 ақпандағы  
N 274 қаулысымен  
бекітілген

Аудиторлық қызметті лицензиялауға біліктілік  
талаптары  
ЕСКЕРТУ. Мәтінге өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.06.27.  
N 1026 қаулысымен.

P971026\_

1. Аудиторлық қызметті жүргізуге лицензия алу үшін жеке адамдар мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) соңғы бес жылда үзіліссіз жұмыс стажының болуы, оның ішінде:

практикалық бухгалтерлік қызметте (бухгалтер, аудитор, бухгалтер-тексеруші немесе оларға теңестірілген мамандықтар), немесе кемінде екі жылдың ішінде практикалық бухгалтерлік қызметпен қоса

экономикалық жоғары оқу орындарында бухгалтерлік есеп және аудит жөнінде  
ғылыми - оқытушылық қызмет,

немесе практикалық бухгалтерлік қызметтен (кемінде екі жыл) және экономикалық жоғары оқу орындарындағы бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі оқытушылық жұмысынан тұратын жиынтық жұмыс стажы;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Біліктілік комиссиясының біліктілік куәлігі болуы.

2. Лицензия бар адамдар өзінің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында Департамент бекіткен ережелерге сәйкес жыл сайын үзіліссіз кәсіптік білім беру жүйесінде оқудан өтеді және әрбір үш жылда біліктілік емтиханын тапсырады.